

# «Ресей империясының Солтүстік-Шығыс Қазақстанда ресми саясатын қалыптастыру және іске асыру бағытындағы Сібір комитетінің қызметі: деректерді талдау және контекст»



## Жобаның жалпы тұжырымдамасы

Жоба Сібір комитетінің қызметі негізінде XIX ғасырдың Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында жүргізіліп жатқан Ресей империясының ресми саясатын зерттеуге арналған. Ғылыми-зерттеу жұмысы Ресей империясының Сібір комитетінің жаңа мұрағаттық дереккөздерін анықтауға бағытталған, себебі Сібір комитеті XIX ғасыр бойында жаңадан қосылған аумақтарда империя тарапынан әртүрлі реформаларды басқару, реттеу және енгізу мәселелерімен айналысқан.

Анықталған мұрағаттық құжаттар негізінде жобаға қатысушылар Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында жүзеге асырылатын империяның ресми саясатының мәнін ашып, көрсетуді жоспарлап отыр. Сібір комитетінің жаңа құжаттары мен

материалдарын анықтау және жинау, оларды кеңінен зерделеу және көпшілікте пайдалану үшін ғылыми айналымға енгізіп, Ресейдің (Мәскеу, Санкт-Петербург қалалары) және Қазақстанның мұрағаттары мен кітапханаларында ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.



### **Жобаның мақсаты**

Жобаның басты мақсаты - Сібір комитетінің мұрағаттық құжаттары негізінде XIX ғасырда Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында Ресей империясының ресми саясатын қалыптастыру және іске асыру жолындағы қызметін талдау.



### **Жобаның міндеттері**

Алға қойылған мақсатымызды іске асыру үшін келесі міндеттер бекітілді:

1. Тарихнамалық талдау негізінде тақырып бойынша түйінді мәселелерді анықтау және зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау.

2. Сібір комитетінің материалдары мен құжаттарын мұрағат қорларынан анықтау және жинау. Бұл міндетті орындау тақырып бойынша зерттеудің дереккөздік базасын кеңейтеді, XIX ғасырдағы Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағын басқару мәселелері жөніндегі Сібір комитетінің отырыстарында зерттелген және қаралған негізгі мәселелердің ауқымын анықтауға көмектеседі

3. Анықталған дереккөздерге сыни талдау жүргізу, Қазақстан тарихымен байланысты Сібір комитетінің материалдарын XIX ғасырдағы Ресей үкіметінің хронологиясы мен негізгі қызмет түрлері бойынша жүйелеу және жіктеу. Мұрағаттық құжаттар электрондық тасымалдағыштарға жиналады, бұл тақырып бойынша анықталған дереккөздердің электрондық қорын жинақтауға мүмкіндік береді.

4. Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Web of Science базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымда 2 (екі) мақала жариялау. Бұл міндетті орындау барысында шетелдік әріптестерге және Қазақстан тарихы мәселелеріне қызығушылық танытқандарға зерттеу нәтижелерімен танысуға мүмкіндік пайда болады, XIX ғасырдың Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында болып жатқан белгілі бір тарихи фактілер мен оқиғаларға әртүрлі көзқарастарды айқындап анықтауға көмектеседі.

5. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда 4 (төрт) мақала жариялау. Бұл зерттеу нәтижелерін тарихшы әріптестермен республикалық ауқымда талқылауға, сонымен қатар орындалған жұмыстардың оң және теріс жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

6. «Ресей империясы Сібір комитетінің материалдары мен құжаттарындағы Солтүстік-Шығыс Қазақстан тарихы» атты құжаттар жинағын жариялау. Сібір комитетінің XIX ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты жаңа мұрағаттық құжаттары

мен материалдарын жариялау.

7. Жүргізілетін зерттеуді кешенді талдауы мен қорытындысы бойынша «XIX ғасырдың Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағындағы Ресей империясының саясаты» атты ұжымдық монографиясын жариялау. Бұл міндеттің орындалуы Ресей әкімшілігінің қызметін сипаттауға, осы аумақтағы империяның ресми саясатының қарқынын, жүзеге асыру жолдарын қадағалауға, бүкіл зерттеу нәтижелерін жалпылауға жағдайлар туғызады.

8. Зерттеу нәтижелерін ғылыми қоғамға және көпшілікке таныту (бұқаралық ақпарат құралдарында баяндама жасау, көпшілікке арналған дәрістерді, бейне материалдарды әзірлеу). Жұмыс барысы туралы мерзімді есептер, фото және видео материалдар университеттің арнайы интернет-порталында орналастырылады. Бұл тапсырманы орындау барысында жобаның барлық нәтижелері көпшілік арасында танытылады.

9. Зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. Конференция жұмысы барысында орындалған зерттеудің қорытындысы, мұрағаттық құжаттармен жұмыс тәжірибесімен бөлісу, шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындарының әріптестерімен тарихи зерттеу әдістерімен өзара алмасу жүргізіледі. Конференция материалдарының электрондық жинағы зерттеу нәтижелерін интернет жүйесі арқылы кең аудиторияға таратуға мүмкіндік береді.